

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Күншуақ» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» тобы 25 тобы				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ташимбетова Асия Отинбаева Нурила				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	28.11-02.12.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	28.11.2022	29.11.2022	30.11.2022	01.12.2022	02.12.2022
Күн тәртібі	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30	8:00 – 18:30
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу. Баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың белгіленген рет бойынша киінуі, шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыпты түрде бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілік атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішкенде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда ыдыстарды жинасуға ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде оқу құралдарын тарату және орнына жинауға ынталандыру.

	келтіру, тазалау, кептіру тағы басқа іскерліктерін жетілдіру.				
	"Туыңды тап" дидактикалық ойыны. Педагог: – Балалар, қазір біз "Туыңды тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. – Ойынның шартын айтайын. Тақтадан көптеген мемлекеттің тулары көрсетіледі. Сендер еліміздің туын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің туы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға жалауша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. (сөйлеуді дамыту) "Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық	"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. (сөйлеуді дамыту) "Лото "Жануарлар" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруды және жалпы атауларын атауды үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету) Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату) Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұрандау) Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұрандау) Мамықтай жерге түсіп, (алақандарымен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру) Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге салу) (сөйлеуді дамыту) "Домино", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты	Санамақтар айтқызу. "Жеті ұл". Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі - Дүйсенбі, Екіншісі - Сейсенбі, Үшіншісі - Сәрсенбі, Төртіншісі - Бейсенбі, Жұма деген - Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі - Жексенбі. (сөйлеуді дамыту) "Не (кім), қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, аяңдайды, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады,

	сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)			және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз) (сөйлеуді дамыту)	жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды, сүйрейді. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды, әндетеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде. 4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде				

	сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Аққала жасайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Зейінді, кеңістікті бейнелеуді дамыту; сөйлеуді жетілдіру. Барысы: әр баланың алдында әртүрлі көлемдегі 3 шеңбер таратылады. (үлкен, орта және кіші). Балалар олардан үлгі немесе өз ойлары бойынша аққала жасайды. Олар қандай бөлшектердің жетіспейтінін айтады және сипаттайды. (сөйлеуді дамыту)	"Керісінше" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог логикалық жағынан қате сөйлемді айтады, балалар сөйлемнің дұрыс немесе бұрыстығын табады. Мысалы, "Қардың түсі қара ("Жоқ, қардың түсі ақ"), "Аққала ыстық" ("Жоқ, аққала суық"), "Аю орманда жүр" ("Жоқ, аю апанда ұйықтайды"). (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. (сөйлеуді дамыту)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып, тақтаға қатармен іледі. (сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ұйқыдағы аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен	Дене шынықтыру "Қорбаңдаған аю". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп, саппен	Музыка "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын	Дене шынықтыру "Бағытты өзгертіп жүгіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапта бір-бірімен, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, аяқ-	Қазақ тілі "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйселеу,

	жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін дамыту. "Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгіленген межеге дейін бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп, саппен жүгіруді үйрету.	жүгіру дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. "Қорбандаған аю" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту.	әуен арқылы эмоционалды қабылдауды үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуді үйрету. "Аю" ойыны. Мақсат-міндеттері. Қыс қызығына жататын суреттерді табуды үйрету.	қол қимылдарын үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу қабілетін пысықтау. "Белгіні тыңда" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жүрудің әртүрлі түрлерін жаттықтыру.	қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. "Қалың қардың астында не жатыр?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. - Бүгін біз ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. Жыл мезгілдеріне	Арнайы көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Арнайы көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту. Педагог көшеде өтіп жатқан техниканы не үшін көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән	Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым	Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып

	ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Тақпақ. Ермек Өтетілеуұлы "Іні". "Бір ісіме қапа ма?" - Деп қарайды апама Сипаттырып басынан Еркелейді атама. "Жүппен жарыса жүгіру" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жүппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін қалыптастыру. Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жөндеу. Мақсат-міндеттері. Ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауды, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру. "Себетке допты	байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. Біз көмекші баламыз, Төзімді, ұқыпты боламыз. Шеберлікке жету үшін Көп еңбек саламыз. "Орамал" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың бірінің артына орамалды тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп, орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі	ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік немесе жүк тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын қию, оларды тазалау. Мақсат-міндеттері. Бақша қайшысын қолдануды үйрету, сынған бұтақтарды ғана жою керектігі туралы түсініктерін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгілі	еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту). Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық". Мақсат-міндеттері. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, кимыл-қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. 2-3 м қашықтыққа алдыға қарай екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың
--	---	---	--	--	--

	лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар.	жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері: балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу. Балалардың еркін ойыны.	санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп санаңдар! "Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!" Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру және қағып алуға жаттықтыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: секіру жаттығулары. Мақсат-міндеттері.	шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. "Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт. Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр апатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.
--	--	---	---	--

			Секіртпені артқа, алға айналдыра секіру біліктіліктерін бекіту.		Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Балалардың еркін ойыны. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан ояңған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары ояңған кезде қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (сөйлеуді дамыту, көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуын орындау. "Жыл мезгілдері" Мұз да, қар да ерісе, Өлең айтар өзендер. (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ұйқы қашса қонжықтан, Көктем келді дерсің сен, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды) Қызса қатты күн көзі, Қарлығаштар самғаса, (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды) Ыстық аптап, құрғақшылық, Жаз келгенін білдірер, (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды) Шатырда жаңбыр ойнаса, Бірде қатты, бірде жай (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Данаға бөкебайды дайындап берейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы және биіктігі бойынша тұстастырып, салыстыруды үйрету; заттардың биіктігінің немесе ұзындығының қасиеттеріне сүйеніп, белгілі түспен сәйкестендіруді, солдан оңға қарай тізуге жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтқызып үйрету; зейінді, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. "Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта	"Үйсіз қоян" қимылды ойын. Мақсат-міндеттері. Дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету. Барысы: ойыншылар арасынан аңшы мен үйсіз қоян таңдалады. Қалған балалар қояндар болып, өздері үшін шеңбер жасайды (үйлері). "Үйсіз қоян" қашып кетеді, ал "аңшы" оны қуып жетеді. "Қоян" кез келген шеңберге жүгіру арқылы "аңшыдан" құтыла алады; онда шеңберге ағылған "қоян" тез арада қашып кетуі керек, өйткені қазір ол үйсіз қалады, ал "аңшы" оны ұстап алады. "Аңшы" қоянды ұстаған бойда өзі "қоянға", ал "қоян" "аңшыға" айналады. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Шыршалар қар жамылды".	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қаладағы қыс". Мақсат-міндеттері. Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. «Ол не?» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін, сұрақтарға жылдам, әрі толық жауап беру іскеліктерін жетілдіру. "Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қыс келді атты суретпен танысу". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын сипаттау тәртібіне үйрету. Дамытушы жаттығу. "Қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттері. Шеңберге тұрғызып ойнату, мнемосызбаларды қолдану. Драматизация. "Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау. Вариативті компонент/Әлеумет "Үй құрылысы" ойыны.

	саусак ұшымен ұрғылайды) Жер жапырақты жамылып, Күз келгенін білдірер. (бетті иектен бастап, құлақтың төменгі ұшына дейін саусак ұшымен ұрғылайды) Боран борап, жел тұрса, Айналаны қар басса, Үйлер ақ көрпеге оранса, Келді дей бер қыс ортаға. (спираль тәрізді қимылдарды маңдай ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін орындайды) Музыкадан ойын-жаттығу "Қысты сағындық". Мақсат-міндеттері. Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату кабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу кабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажыратуды үйрету; музыкалық- дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым- қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; ұйымдастырылған іс-әрекеті бараысындағы белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. "Қысқы саңырауқұлақтар" ойыны. Мақсат-міндеттері. Кедергілерге	бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймандап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі.	Мақсат-міндеттері. Балаларға жасыл бор арқылы шырша бейнесін салып, қылқаламмен шырша үстінде жатқан ақ қарды салуды үйрету. Саусак жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтап".	Барысы. Бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. Құрастырудан ойын-жаттығу "Шана". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш пен призмалардан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу кабілетін игеруге дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату.	Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету.
--	---	---	---	---	--

	соқтықпай, саңырауқұлақтарды теріп алуды үйрету.				
Балалармен жеке жұмыс	"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпітті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту)	"Түлкі", "Маймыл" тақпақтарын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақты қайталау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Түлкі". Жем іздеп жүгіріп, Аңшыдан тығылып. Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай! "Маймыл". Кәмпітті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың таңырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Жаңылтпаштар". Мақсат-міндеттері. Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Қыста" тақпағын жаттатқызу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Оразбай Байбақов "Қыста". Ойшыл орман сілкінді, Жібергенде жел ырғап. Мұз астында бұлқынды, Күміс өзен сылдырлап. Ғайып болды түнгі ызғар, Ай да батты ақ маңдай. Күн көзінен жұлдыздар Балқып бара жатқандай. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Кішкентай балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері.	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері.	Арнайы көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Арнайы	Көкшымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Құстарға қызығушылық тудыруды	Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты

	Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар; бас киімдер: орамалдар, жеңіл қалпақтар (бастан күн өтпеу үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Таппақ. Е. Өтетілеуұлы "Іні". "Бір ісіме қапа ма?" - Деп қарайды апама Сипаттырып басынан Еркелейді атама. "Жүппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жүппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қимыл-қозғалыс қызметінің қажеттілігін қалыптастыру. Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жөндеу. Максат-міндеттері. Ойыншықтарды жөндеуді өз ықыласымен орындауға, басталған істі соңына дейін жеткізуге дағдыландыру. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене	Ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа, еңбекті қадірлеуге баулу. Бүгін біз сендермен ауладағы адамдардың жұмыстарын бақылаймыз. Жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар әртүрлі болып келеді. Жазда қоқыстарды жинайды, ауланы сыпырады, гүлдерді суарады, шөп жұлады. Біз көмекші баламыз, Төзімді, ұқынты боламыз. Шеберлікке жету үшін Көп еңбек саламыз. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды шапшандыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың бірінің орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса,	көліктер жайлы білімдерін кеңейту; сөздік қорын молайту. Педагог көшеде өтіп жатқан техниканы не үшін көлік деп атайтынын сұрайды. Балалар көліктерге тән ерекшеліктерді айтады, көліктердің түстерін, жеңіл көлік не жүк тасымалдайтын көлік екенін анықтап жатады. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша қайшысымен ағаштар мен бұталардың сынған, құрғақ бұтақтарын қию, оларды тазалау. Максат-міндеттері. Бақша қайшысын қолдануды үйрету, онымен сынған бұтақтарды ғана қию керектігі туралы түсініктерін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету; шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгілі	жалғастыру; көкшымшықтың тіршілік ету ортасымен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қардан тазарту). Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Құстар мен мысық". Максат-міндеттері. Физикалық белсенділікті арттыру; педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Максат-міндеттері. Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қимыл-қозғалыстарды дамыту. Максат-міндеттері. 2-3 м қашықтыққа алдыға қарай екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Максат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың
--	--	---	--	---	--

	шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар.	ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Құғыншы бала орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Салыстырулар" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Педагогтің ұсынылған заттарды салыстыра білу, заттар туралы әңгімелерді құрастыра білу. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Максат-міндеттері. Балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу. Балалардың еркін ойыны.	санамақтан кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" деп санаңдар! "Бір, екі, үш! Ал, тарандар!" Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Аралар мен аюлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Ауыспалы қадамдармен гимнастикалық сатымен өрмелеуге жаттықтыру; допты лақтыру мен қағып алуға жаттықтыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: секіру жаттығулары. Максат-міндеттері. Секірмежіпті артқа және алға айналдыра секіру біліктерін бекіту.		шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. "Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Максат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт. Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!" - дегенде балалар қозғалмай қалу керек. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Максат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа
--	---	--	---	--	---

					бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Балалардың еркін ойыны. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес. "Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары".	Жаднама. "Баламен бірге қысқы серуенді пайдалы өткізу".	Ата-аналарға кеңес. "Ойын әрекеттері арқылы балаларды әлеуметтендіру".	"Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.